

# ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ШЕТЕЛДЕГІ ОТАНДАСТАР

**Қазақ халқы жаңа заманға дейін өзінің ата-бабасы ықылым заманнан бері өмір сүріп келген кең-байтақ өз жерінде өркен жайған біртұтас ұлт болатын. XIX ғасырда патшалық Ресейдің Қазақ хандығын жойып, қазақ даласын отарлап, Цин империясымен Қазақстан жерінен мемлекеттік шекарасын белгілеуіне байланысты, қазақтар өз атажұртында отырып-ақ Ресей мен Қытайдың құрамындағы этникалық топтардың біріне айналды.**

XX ғасырда Кеңес Одағында жүргізілген одақтас республикалардың әкімшілік территориясын айыруға байланысты қазақ халқының біраз бөлігі тағы да Ресей мен Өзбекстан республикаларының территориясында қалды. Шекараның арғы жағында қалып кеткен сол қазақтар өз ата-бабасының кіндік қаны тамған жеріне өмір сүруді армандап келді. Сондықтан да ол жақтағы қандас ғалымдар: «Біз біртұтас елміз, шашырап әр жақтан көшіп келген жоқпыз. Сондықтан бізді диаспора деуге болмайды», – деп шырылдайды. Шындығы да солай. Ал, XX ғасырда Кеңес Одағында және Қытайда жүргізілген саяси қуғын-сүргін мен қолдан жасалған аштықтың салдарынан бой тасалап, жан сауғалап басып кеткен қазақтар бүгінгі күні әлемнің әр түрлі елдерінде өмір сүріп жатыр. Әр елге шашыранды түрде қоныстанған бұл қазақтар қазақ ұлтының құрамдас бөліктері болып табылады. Ғылыми тілде айтқанда, бұл қазақтар «қазақ диаспорасы» деп аталады. Президент Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіздік алғаннан кейін көп ұзамай, 1991 жылдың 31 желтоқсанында әлем қазақтарына радио арқылы үндеу арнап, қандастарымызды атажұртқа шақырған болатын. Президент ел билігіне келгеннен кейінгі ең алғашқы шешімдерінің бірін осылайша отандастарға байланысты қабылдап, алғашқы сөздерінің бірін алыстағы ағайынға арнады. Бұл шын мәнінде барша қазақты толғантқан оқиға болды.

1992 жылғы 26 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасы Көшіп келу Заңының 1-бабында «Шетелдерде тұратын отандастар өздерінің атақонысы Қазақстанға еркін орала алады» – деп белгіленді. 1997 жылы 13 желтоқсанда «Қазақстан Республикасы Халықтың Көші-қоны туралы Заң» қабылданды. 2011 жылдың 22 шілдесінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қол қойымен «Халықтың Көші-қоны туралы Заңның» толықтырылып, өзгертілген жаңа нұсқасы жарияланды.

1991 жылғы 16 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жарияланғанда шетелдегі қазақтардың қуанышында шек болған жоқ. Қандастарымыз Қазақстанның тәуелсіздігінен халқымыздың жарқын болашағын көргендей болды. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа бар үмітін артып, ізгі тілеуін тілеп, тәуелсіздіктің алғашқы жылынан-ақ атажұртқа қарай көш басын бұрды. Оларды тарихи Отанға итермелеген күдіретті күш – Қазақстанның тәуелсіздігі еді! Бұл тәуелсіздікті ата-бабамыз қаншама ғасыр бойы армандап, қаншама асыл азаматтарымыз еліміздің бостандығы жолында қыршындарынан қиылып кетіп еді. Өзге елдің боданында болған Қазақстандағы ағайынмен қауышу шеттегі қандастар үшін арман болатын. Тәуелсіздіктің таңы атып, есімізді жинай салып-ақ, 1992 жылы Алматыда Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өтті. Құрылтайда қабылданған Үндеу бүкіл әлемдегі отандастарымызды Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, мәдени-интеллектуалдық мүмкіншілігін молайтуға шақырды. Осы келеді жинда Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығын құру туралы шешім қабылданды.

2007 жылдың 28 тамызында Президент Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасының 2007-2015 жылдарға арналған көші-қон саясаты туралы» жарлыққа қол қойған болатын. Президент тапсырмасына сәйкес, шетелдерден көшіп келген отандастарымызды қоныс

тандыруға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы жасалып, бүгінде іске асырылуда.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында, биылғы жылдың мамыр айында өткен Дүниежүзі қазақтарының төртінші құрылтайында сөйлеген сөзінде Мемлекет Басшысы, Қауымдастық төрағасы Н.Ә. Назарбаев әлемнің әр қиырындағы қазақ жастарын атамекенде оқуға және Қазақ еліне қызмет етуге шақырған-ды. Президент тапсырмасын іске асыру мақсатында Білім және ғылым министрлігінде «Шетелдегі отандастарымызға білім беру қызметтерін көрсетудегі Білім және ғылым министрлігінің рөлі мен кезекті міндеттері» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Аталмыш жиында министр Бақытжан Жұмағұлов биылғы жылы бөлінген 36 мың гранттың 2 пайызы шетелдегі қандастарымызға бөлінгенін мәлімдей келе, атамекенінде білім алғысы келетін қандастарымыздың білім алуына ешқандай шек қойылмайтындығын атап өтті. Жыл сайын шетелдегі қандастарымызға арналған дайындық курстары 1400 баланы қабылдауда. Осылайша тұрақты түрде өткізіліп тұратын әлем қазақтарының құрылтайы еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиғаның біріне айналды. Аталған тарихи шараның негізгі мақсаты – шетелдерде өмір сүріп жатқан өскелең ұрпақты атамекенге бет бұрғызу мәселесін көтеру және келген қандастарымызды мемлекет тарапынан қолдап, жағдай жасау, сондай-ақ, шетелдерде тұратын қазақ жастары мен Қазақстанда білім алып жатқан бауырларымыздың Отанға, елге деген сүйіспеншілігін арттырып, өзіне қамқорлық жасайтын Қазақстандағы еңселі елі бар деген ұғымды қалыптастыру.

Дүниежүзі қазақтарының төртінші құрылтайы тәуелсіздіктің 20 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келді. Құрылтай қонақтарымен бірлесіп еліміздің жиырма жылда жеткен жетістіктерін сараладық. Осы мерзім ішінде Қазақстанның алға басқан қадамдары сөтті болды. Еліміз бейбітшілік пен тұрақтылықтың мерейлі мекеніне айналды. Халықаралық беделді ұйым – ЕҚЫҰ-ға төраға болды. Әлемнің іргелі елдерінің басшыларына шақырып, Сарыарқаның төрінде Саммит өткізді. Жаңа Елорда – Астана күн сайын көркейіп, көздің жауын алуда. Дүниежүзінің іргелі елдері қазақ жұртымен кәдімгідей санасатын болды.

Тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің жеткен жетістіктерін М. О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің мысалынан да көруге болады. Университет – республикамыздағы ең ірі, іргелі оқу орындарының біріне айналды. Білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз Қазақстан агенттігінің биылғы жүргізген сараптамасы бойынша университет Қазақстан Республикасындағы көп салалы жоғары оқу орындарының арасында екінші орынға ие болды.

Университет ректоры, ҚР ҰҒА академигі У.Қ. Бишімбаевтың шешімімен оқу орнында шетел студенттерімен жұмыс жүргізу жөніндегі факультет ұйымдастырылып, жұмыс істеп келеді. Бүгінгі таңда факультетте 12 елден келген 300-ден астам шетелдік студент білім алууда. Олардың басым бөлігі өз қандастарымыз. Сонымен қатар факультет жанынан шетелдік қазақ жастарын жоғары оқу орнына түсуге дайындайтын дайындық курсы жұмыс істейді. Өткен оқу жылында дайындық курсына оқыған 150

тыңдаушының басым бөлігі гранттарға ие болып, республикамыздың жоғары оқу орындарына түсті. Биылғы оқу жылында факультеттегі дайындық курсына 200 тыңдаушы қабылданып отыр. Бұл да отандастарымызға деген үлкен қамқорлық.

Биыл елімізде «Нұрлы көш» бағдарламасының екінші кезеңі басталмақ. Бұл кезеңде атажұртқа оралуға ниетті азаматтарды жаңа өндірісті өңірлер мен ауылшаруашылығы саласына кеңінен тарту көзделген. Осы орайда көкейде жүрген мына жайтты да айтып өткен орынды деп ойлаймын: Қандастарымыз қалиң шоғырланған елдердегі қазақ диаспорасын жан-жақты ғылыми түрде зерттеп, бар мәліметті жинақтап, мемлекеттік портал ашу қажет. Ол жердегі бауырларымыз осы порталдан өзіне қажетті кез-келген ақпаратты алып отырса, елге көшіп келген соң немен айналысып, қайда орналасуын алдын-ала біліп отырар еді. Мысалы, көршілес Өзбекстанда 1 миллиондай қандастарымыз тұрса, оларға арналған 560-қа жуық қазақ мектептеріне «Өзбекстан» баспасына қарасты қазақ редакциясы өзбекшеден аударма түрінде оқулық дайындайды. Мамандардың тапшылығынан аударма оқулықтардың сапасы сын көтермейді. Сондықтан да ондағы ата-аналар балаларын өзбек тіліндегі мектептерге беруге бейім. Сондықтан да қазақ мектептерінің саны жылдан-жылға азайып келеді. Білім саласында бұдан басқа да шешімін табуды қажет ететін өзекті мәселе бар. Қандастарымыз көп тұратын бұл елде білім жүйесін реформалауға байланысты оқушылар 9-шы сыныптан кейін өз білімдерін негізінен колледждерде жалғастыруы тиіс. Ал колледждерде оқу өзбек тілінде жүргізіледі. 9-сынып бітірген қазақ жастары тығырыққа тірелуде. Өйткені, білімін одап ары жалғастырамын деушілер өзбекше оқуға мәжбүр. Біріншіден, бұл олардың өз ана тілін жоғалтуға алып келсе, екіншіден, осы себепті көпшілік жастар 9-сыныптық білімімен қалып қояда. Осы жағдайға байланысты ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан Өзбекстандағы 9-сыныпты бітірген қазақ жастарын Қазақстанға тарту мақсатында колледждерде оқу мүмкіндігі қарастырылып немесе оларға колледждерге түсу үшін тегін дайындық топтары ашылса, колледжден кейін олардың өз қалауынша жоғары оқу орындарына түсуі жеңіл болар еді.

Қорыта айтқанда, Қазақстан шетелдегі өзінің диаспорасының көптігі жағынан әлемде алдыңғы орындардың бірі болып саналады. Бүгінгі күні дүниежүзінің 40-тан астам елінде 5 миллионнан астам қазақ тұрады. Демек, халқымыздың үштен бір бөлігі тарихи-ұлттық отанынан шетте өмір сүріп жатыр. Бүгінде егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып ту тігіп отырған Қазақстан Республикасы – қазақ халқының төрткүл дүниедегі бірден-бір жалғыз Отаны. Қазақ жұртының арқа сүйер сүйеніші де, ұлт болып ұйып, өсіп-өнетін атажұрты, киелі құт мекені де тек – Қазақ жері, Қазақстан мемлекеті! Тәуелсіздіктің бас-аяғы 20 жылында бір миллионға тарта қандастарымыздың тарихи Отанына оралуы – іс жүзінде Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы ұлттық саясатының қомақты жемістерінің бірі.

**Сейдахан ӘЛІБЕК,**

*тарих ғылымдарының докторы.*

*М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік*

*Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушысы.*